

## **Ақшұқыр ауылы, Сайын Шапағатов елді мекені бойынша жаңадан пайда болған көшелерге атау беру туралы**

Маңғыстау облысы Түпқараған ауданының Ақшұқыр селосы әкімінің 2009 жылғы 11 қыркүйектегі № 321 шешімі. Түпқараған ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 17 қыркүйекте № 11-6-101 тіркелді.

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда- Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы Ақшұқыр ауылы әкімінің 08.09.2017 № 273 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі). Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы заңының 14 бабының 4 тармағын және жергілікті халықтың пікірін, аудандық ономастика жөніндегі комиссия мәжілісінің 28 сәуір 2009 ж. №.1, 20 маусым 2009 ж. №2 хаттамаларын ескере отырып, аймаққа еңбегі сіңген азаматтардың есімдерін есте қалдыру, жаңадан салынып жатқан көшелердің есімдерін беру мақсатында **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Ақшұқыр селосынан:

1. Әбілхайыров Борсақбай – Ұлы Отан соғысының ардагері
2. Наубетов Сұлтанбай – Түпқараған ауданының құрметті азаматы
3. Қадырұлы Бекбосын – ауылшаруашылығын дамытуға атсалысқан азамат
4. Дүйсенбаев Жүсіп – "Социалистік Еңбек Ері" азамат соғысының батыры

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді- Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы Ақшұқыр ауылы әкімінің 08.09.2017 № 273 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Сайын Шапағатов елді мекенінен:

1. Есетов Найзабек – Ұлы Отан соғысына қатысушы, еңбек ардагері
2. Жақауов Ақназар – "Социалистік Еңбек Ері"
3. Шахатов Тасқынбай – Ұлы Отан соғысының ардагері, "Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері"
4. Тумышев Сәйдім – Қазақ жерінің зиялы азаматы
5. Мейров Бисембай – Еңбек ардагері
3. Шешімінің орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК